

«Олжабай батыр ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
(білім беру ұйымының атауы)

**Орта білім беру ұйымдарына арналған
ғылыми-әдістемелік кеңес хаттамасы**

№ 1 20 22 ЖЫЛҒЫ " 19 " тамыз

Төрайым: Смаилова Саягуль Канатовна

Хатшы: Табиғатқызы Толқын

Қатысқандар: 33 (тізім қоса тігіледі)

Күн тәртібі

1. Педагогикалық ұжымның өткен жылғы жұмысына талдау және мектептің жұмысының рейтингі, жаңа 2022-2023 оқу жылына арналған міндеттер.
2. Оқу бағдарламалары, мемлекеттік стандарт, күнтізбелік, күнделікті және тәрбиелік жоспар құру бойынша нұсқаулықтар. Белсенді қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар мен элективті курстарын анықтау және оларға жоспар жасау ерекшеліктері
3. Мектеп құжаттарын жүргізу бойынша ақпарат. Электронды журналды толтыру бойынша нұсқаулық.
4. Жас мамандарға тәлімгер тағайындау.
5. БЖБ, ТЖБ, жүргізу және талдау бойынша нұсқаулықты талдау. Пәндер бойынша модерация жүргізу нұсқаулығын талдау.
6. Жаңа оқу жылына арналған жоспарды бекіту
7. Bilimland, Daryn online тағы басқа білім беру платформаларымен жұмыс істеу нұсқаулығы

Отырыс барысы

Тыңдалды:

Смаилова С.Қ. 2021-2022 оқу жылының жұмысының қорытындысына талдау жасады. Жетістіктері бойынша мұғалімдер марапатталды. Мектеп мұғалімдерін жалпы мектептік тақырып және мақсатымен таныстырып талқылады. Жаңа 2022-2023 оқу жылында мектеп «Білімді терең меңгерген, жеке шығармашылық қабілеті дамыған, ұлттық сана сезімі жетілген, өзін өзі бағалай алатын тұлға қалыптастыру» тақырыбымен жұмыс істеуді жалғастырады. Келер жылы осы жылғы болған кемшіліктерді жою үшін жағдайлар жасау, оқушылардың білім сапасын арттыру басты мақсат болып отыр. Ол үшін:

1. Дарынды балалардың әлеуетін анықтау және дамыту жұмыстарын жүйелендіру.
2. Дарынды балалардың зерттеу қызметінің өнімдері жәрмеңкесін өткізу, көтермелеу арқылы мотивациясын арттыру.
3. Дарынды балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу.

4. Мониторинг жүргізу арқылы олимпиада, байқау, шығармашылық, спорттық сайыстар, ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысуын арттыру.

5. Мұғалімдердің кәсіби құзыреттіліктерін арттыру:

Мектепішілік әдістемелік кеңесінің хатшысын сайлау туралы сұрақ қойылды. Хатшының міндетін атқаруға Табиғатқызы Толқын ұсынылды. Кеңестің барлық мүшелері бұл ұсынысты бірауыздан қолдады.

Сөз сөйлегендер:

Назарбекова С.А. – мектептің барлық мұғалімдері берілген тақырып пен мақсатты орындау үшін жұмыс жүргізу керек. Жетістікке жету үшін жұмыла жұмыс істеу керек.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

1. Мектеп тақырыбы мен мақсаттарын қабылдай отырып, осы тақырыптар негізінде мектептің жоспарын құру.
2. Мектепішілік кеңес хатшысы міндетін Табиғатқызы Толқын атқарсын.

№2 сұрақ бойынша Смаилова С.К. мұғалімдерді мемлекеттік құжаттарымен таныстырды. Пәндер бойынша оқу бағдарламалары, мемлекеттік стандартты талқылады. Мектеп мұғалімдеріне күнтізбелік, күнделікті және тәрбиелік жоспарларды құру бойынша нұсқаулықтар берілді. Үлгі жоспарлар таратылды.

Сөз сөйлегендер:

Назарбекова С.А. – 2022 -2023 оқу жылына арналған күнтізбелік – тақырыптық жоспарлар оқу бағдарламалары негізінде құрылуы тиіс. Барлық КТЖ 6.04.2020 жылғы №130 (өзгерістермен №472 бұйрық) бұйрықтағы үлгі бойынша құрылуы тиіс.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

1. Пән бойынша КТЖ, вариативтік компонент жоспарларды оқу бағдарламалары негізінде құру.

№3 сұрақта С.Смаилова мектепішілік барлық құжаттарды толтыру үлгілерін көрсетті. Электронды журналды толтыру бойынша нұсқаулықпен таныстырды. 2022-2023 оқу жылында 2-11 қалыптастырушы бағалау бойынша 1-10 балға дейінгі бағалау жүйесі жалғастырылады. ҮТ уақытылы енгізіп, журналды кейінгі күнмен толтыруға тыйым салынады. Электронды журналға жаңадан келген және тіркелмеген оқушыларға жаңа аккаунт беру, оларды тіркеу, пәндер бойынша 2022 – 2023 оқу жылына арналған күнтізбелік – тақырыптық жоспарды уақытылы енгізуге тікелей жауапкершілікпен қарау туралы айтылды.

Сөз сөйлегендер:

Жагипарова С.Т. – оқушылардың және ата – аналардың да күнделік.кз кіруі мониторинг арқылы бақыланып отырады. Мобильді телефон арқылы кіру үшін, арнайы қосымшасын жүктеп алуға болады.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

1. Мектеп құжаттарын №130 бұйрық негізінде жүргізу.
2. Электронды журналды уақытылы толтыру.

Келесі сұрақ бойынша С.Смаилова мектеп директорының 29 тамыз 2022 жылғы №50 бұйрығымен таныстырды. Бұрықта жас мамандарға тәлімгер тағайындау туралы айтылған. Тәлімгерлердің жұмыс жоспарлары бекітілді. ҚР Білім және Ғылым министрлігінің 2020 жылғы 24.04 №160 бұйрығы таныстырылды. Бұрықта тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге қойылатын талаптар көрсетілген.

Сөз сөйлегендер:

Хуат А. – жас мамандардың біліктілігін арттыру үшін сабақтарына қатысу кажет деп санаймын.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

1. Жоспарға сәйкес іс – шаралар ұйымдастырып өткізу.

№5 сұрақ БЖБ, ТЖБ, жүргізу және талдау бойынша нұсқаулықты талдау. Пәндер бойынша модерация жүргізу нұсқаулығын талдау бойынша ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 18.03 №125 бұйрығына енгізілген толықтырулар туралы 2020 жылғы 17.04 №149 бұйрығы таныстырылды. БЖБ, ТЖБ тапсырмалары алдымен бірлестік отырысында талқылану керектігі ескертілді, содан соң бекітуге ұсыну керек. Модерация пән бойынша ТЖБ жұмысына жасалады. Міндетті түрде жоғары, орта және төмен балл алған оқушылардың жұмыстары сараланып, дескриптор арқылы тексеріліп, шешім шығарылады. Шешім негізінде балл қосылады, алынады немесе өзгеріссіз қалдырылады.

Сөз сөйлегендер:

Дуйсенбаева Л. – БЖБ және ТЖБ жұмыстарын рәсімдеуде оқушылардың деңгейі ескеріледі. Тапсырмалар өткен тапсырмаларға ұқсас, және оқушының өз ойын жеткізе білуге бағытталған болады.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

1. БЖБ, ТЖБ нұсқаулыққа сәйкес өткізу.
2. Модерацияны әр тоқсан сайын модерациялық топ мүшелері өткізу керек.

№6 сұрақта мектептің әдістемелік кеңесінің бір жылдық жоспарымен таныстырып талқыға салды. Ұсыныстар ескеріліп жаңа оқу жылының жоспарына енгізілді.

Сөз сөйлегендер:

1. Назарбекова С.А. (мектеп директоры) мектеп бақылау жоспарына мұғалімдердің электронды журналды толтыру, білім сапасының мониторингін шығаруды ұсынды.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

1. Бекітілген жылдық жоспары негізінде іс – шараларды ұйымдастырып өткізу.

Соңғы сұрақ бойынша Е.Асқар мұғалімдерге оқу барысында қолданылатын білім платформаларымен таныстырды. Республикада барлық білім беру платформалары рұқсат етілген, Біздің аудан бойынша daryn online платформасымен жұмыс істеуге шарт жасалған. Барлық оқушылар мен мұғалімдер аталған платформаға тіркелуі тиіс. Ары қарай Е.Асқар Bilimland, Daryn online тағы басқа білім беру платформаларымен жұмыс істеу нұсқаулығымен таныстырды.

Сөз сөйлегендер:

Асқар Ергали (информатика пәнінің мұғалімі) Мұғалімдерге дарын. онлайн платформасындағы жұмыс барыс және электронды журналдағы жаңалықтармен таныстырды.

Қаулы етеді:

Аталған мәселе бойынша шешім

1. Білім беру платформаларына тіркеліп, жұмыс істеу бойынша нұсқаулықпен толық танысу, оқушыларды таныстыру жұмыстарын жүргізу.
2. Bilimland.kz қашықтық білім беру бойынша курсына қатысу қажет.

ӘК төрайымы:  Смаилова С.К.

Хатшы:  Табиғатқызы Т.

**«Олжабай батыр ауылының жалпы орта
білім беретін мектебі» КММ-педагогикалық қызметкерлер тізімі**

№	Аты – жөні	Қызметі
1	Назарбекова Сауле Ануарбековна	Мектеп директоры
2	Смаилова Саягуль Канатовна	Оқу ісі жөн. меңгерушісі
3	Серғазы Жадыра	Тәрбие ісі жөн. орынбасар
4	Шайкенова Н.Р	Мұғалім
5	Дүйсенбаева Лира	Мұғалім
6	Альмаганбетова Сания Жолдангаровна	Мұғалім
7	Акишев Куат Калдыбаевич	Мұғалім
8	Дукенбаева Нуржамал Ергалиевна	Мұғалім
9	Канафина Гульнур Жолдыбековна	Мұғалім
10	Асқар Ерғали	Мұғалім
11	Ажыхан Есенжан	Мұғалім
12	Кокумбаев Канат Елюкенович	Мұғалім
13	Хужин Азамат Наилович	Мұғалім
14	Сайлаухан Батыржан	Мұғалім
15	Кункенов Сунқарбек Сламбекович	Мұғалім
16	Хауай Рысгуль	Мұғалім
17	Кункенова Майкен Назымбековна	Мұғалім
18	Хожабай Балжан	Мұғалім
19	Дүйсенбаев Мухаметгали Темирбаевич	Мұғалім
20	Кункенова Гульмира Абайевна	Мұғалім
21	Байғабыл Тилеубек	Мұғалім
22	Кабдышева Айнұр Канатовна	Мұғалім
23	Умурзакова Гульдана Қайратовна	Мұғалім
24	Табиғатқызы Толқын	Мұғалім
25	Естай Айкумис	Мұғалім
26	Алеш Айгуль	Мұғалім
27	Жагипарова С.Т.	Мұғалім
28	Асылбек А.	Мұғалім
29	Мухитова Н.Б.	Мұғалім
30	Хуат А.	Мұғалім
31	Ракыш Б.	Мұғалім
32	Джаббарбергенова С.Ж.	Мұғалім
33	Шамшитова Шамшия Асылхановна	Тәлімгер